

833(5/103)көз 7
ЖС 27



Ахат Жақсыбаев

Жаны жайсан жақсылар



ТЕКТІЛІК ТАБИҒАТЫ

(Академик Әлкей Марғұланның туғанына 100 жыл)

Қазақ біреудің мақтауын асырғысы келсе: “Тегіне тартып туған, тегі жақсы еді” дейді. Керісінше, тым сүмірейткісі келсе: “тексіз” деп түйрейді. Шынында, тектілік – тұқым қуалайтын туа бітер қасиет болса керек. Қазақта “тұлпардың тұяғы, асылдың сынығы” деген де сөз бар. Тектіліктің белгісі көп. Әрбірден соң тұтас бір өулеттің тағдырын, болмыс-бітімін анықтайды.

Павлодардың Баянауыл өңірінде Қазақстанның арғы-бергі тарихында терең орын алған небір атақты адамдар дүниеге келген еді. Егер қазбалап қарасақ, солар бір атадан тарап, бір өулеттен өрбиді. Біреуі бас болып, кейінгіге ықпал етеді, артында жақсы із қалдырып, ұрпағының ұранына айналады.

Дәл солай, Әлкей Марғұлан да текті тұқымнан тарайды. Алты алашқа аты мәлім Олжабай батырдың тікелей төртінші ұрпағы — Олжабай — Дулат — Марғұлан — Хақан — Әлкей боп тарайды.

Әлекеннің батыр бабасы туралы әңгімесін оңаша отырыста өз аузынан естіп, соншалықты сүйіспеншілікпен айтатығына куә болғаным бар. Сөзінен, отырған қалпынан ішкі мақтаньш сезімі білініп-ақ тұратын еді. “Кешегі Абылай хан заманында Олжабай батыр қаракерей Қабанбай, қанжығалы Бөгенбей, Шақшақұлы Жәнібек секілді атақты батырлармен бірге боп, абырой-атағы жөнінен солармен қатарласып, қалмақтарды қазақ жерінен асырған небір қанды жорықтарда қол бастады” дейтін. Ел оның ерлігіне риза боп, “Он сан Орта жүзге ұран болған ер Олжабай” деген атақ берген. Ту көтеріп, әскеріне айбат беруші батырына сүйсініп, хан Абылай: “Олжабай есен болса ел аман” деген екен.

Олжабай батыр қалмақтарды Сыр бойынан, Жетісудан қуып шыққан жорықтарда ерекше көзге түсіп, ерлігімен елге танылды. Жорықтардың бірінен жеңіспен оралғанда халық Олжабай батырға арнап ұлы той жасайды. Оған Абылай,

Әбілмәмбет, Қазыбек би, Бұқар жырау қатынасады. Той үстінде Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде көп заман сақтаулы тұрған алтын балдақ бүкір қылышты Әбілмәмбет Олжабай батырға сыйға тартады. Бұл бүкір қылышты әуелде Әмір Темір осы Яссауи кесенесіне берген екен. Содан Олжабай батырға мұра болады. Олжабай батыр жеңілген Ғалдан Сереннің екі сұлу қызын — Лағба мен Лабаны қолға түсіріп, көп сый-сияпатпен еліне қайтады. Лабаны өзі алып, Лағбаны қанжығалы Бөгенбайға тартады. Әлекеңнің арғы атасы Дулат Ғалдан Сереннің қызы Лабадан туған.

Олжабай батырдың қалмақты екінші рет шапқан жері — Баянауыл. Ол жер күні бүгінге дейін “Қалмақ қырған” деп аталады.

Олжабай батырдың туған жері Түркістан қаласы болғанмен кейінгі кездегі негізгі қонысы — Баянауыл таулары, Жасыбай көлі мен Торайғыр көлінің арасын мекен еткен. Осы жерде ағаш үйде тұрып, тастан қорған жасап, қысты сонда өткізетін. Жаз айында Сілеті өзенінің жағасына барып, Абылай ханға, қанжығалы Бөгенбайға қосылып, бірге отыратын болған. “Бала жастан Олжабай батыр туралы әңгімені талай естідім. Солардың бірі — Олжабай батырды Балқаш көлі жағасында екі жолбарыс қамапты. Бір түн қозғалмастан жолбарыспен бір-біріне қарасып отырыпты. Өте шыдамды адам бопты” деп, Әлекең батыр бабасының бейнесін көз алдына келтіретін. Енді бірде “Біздің ауылды” ала тудың ауылы” деп, ел қатты құрметтейтін” деп, Олжабай батырдан қалған мұраларды еске алатын. Әлекеңнің айтуынша Олжабай батырдың сары ала туы бертінге дейін сақталыпты. Содан кейін Ғалдан Сереннің Олжекеңе сыйға тартқан қойдың терісіндей қалың сары қағазға жазылған бұйрықтары. Бұрышында қызыл мөр басылған осы үш бума қағаз әбдіреде жататын. Олардың әрбірінің ұзындығы бір жарым метр екен. Әлекең бала кезінде бұл қағаздарды талай рет айналдырып қарап жазуын шығара алмапты. Сөздері не арабша, не орысша жазылмаған, түсініксіз еді. 1927 жылы Ленинградтағы күншығыс институтына апарып тапсырайын дегенде шешесі жылап, “бабаңның мұрасы” деп бермейді. Кейін шешесі өлгенде “осы әулеттің дүниесі” деп, жерге бірге көміпті. Қай жерге көмілгені ашаршылық жылдары белгісіз боп қалған.

Олжабай батырдан қалған белгінің бірі — жып-жылтыр жұмыр қара тас екен. Тегі метеорит болуы мүмкін. Бертінде ауыл адамдары осы тасты қасиетті санап, жол жүрерде әдейілеп келіп, сипайтын көрінеді. “Бір өкініштісі, — дейтін Әлекең, — осы қадірлі мұралар бүгінде жойылып кетті.

Сақтай алмадық. 1930 жылы анам Нұрила қайтыс болғанда оның Қарағандыда істейтін інісі Олжекеңнің барлық мұраларын сол кісінің басына қойыпты. Кейін қазып көруге үш рет бардым. Бірақ тас обалар көп қой. Анамның бейітін таба алмадым”. Олжекеңнің әскери қаруынан көзге ерекше түсетіні — шарайна, белдік, бүкір қылыш, дулыға. Әлекеңнің әкесі Хақанның сақтауында болған осы дүниелерді кезінде Жаяу Мұса Омбы музейіне апарып тапсырыпты.

Сақау ақынның жырлауында Абылай хан өлген соң Олжабай батыр Сарыарқаны қалдырып, өзінің туған жері — Түркістанға барып сонда тұрмақшы болады. Өзіне ерген көп елді жинап, 1783 жылы көшіп бара жатып, Ереймен тауының сыртында күзде өкпесіне суық тиіп ауырып өледі. Алдына қоптаса келген ағайын-жұртқа:

Олжабай деп атайды қайран елім,
Ерің кетсе сынады-ау сенің белің!
Аттың жалы, түйенің қомында ғой
Сарыарқа сансыз жатқан асқар белің... —

деген өсиет айтыпты” деседі.

Ал Олжабай батырдың баласы Дулат өз заманында ел алдында абыройлы, аузы дуалы билердің бірі болыпты.

Әлекең өзінің ата тегін мақтан көретінін жасыра алмай, әңгіме үстінде шалқая түсіп масаттанып отыратын. Атасы Марғұлан жөнінде де жақсы әңгіме қозғап, тегінің асыл екенін айғақтай түсетін. Оның айтуына қарағанда Марғұлан шаруа бақпаған, серілікпен күн кешкен. Сал-серілерге еріп ел аралаған. Тауда бүркіт салып аң аулаған. Әрқашан ақылға жүгініп, қоғамдық тіршіліктің құбылысын түсініп, ара қатынасын жіті таныған болса керек. Ел арасына жік салған билеуші топпен айтысып, сағын сындырып, жаза тартқызыпты. “Бала күнімізде арғы аталарым жөнінде ел әңгімесін көп еститінбіз. Әсіресе Олжабай батыр әңгімелерін айтып тауыса алмайтын. Аталарым жақсы кісілер болғанға ұқсайды” деуші еді.

Осы орайда мына бір жайды анықтай кеткен жөн сияқты. Біреулер ақын Олжас Сүлейменовты Олжабай батырдың тікелей ұрпағы етіп көрсетеді. Кейде ақынның өзі де осы сөзді растайтын секілді. Арғы аталары бір екені, Олжабайға туыс боп келетіні рас. Шындығында, Тәуке ханға сөзі өтіп, қызмет көрсеткен Толыбай биден Олжабай, Құлжабай, Орман деген үш ұл тарайды. Олжас Сүлейменов Олжабайдың інісі Орманның бесінші ұрпағы боп саналады. Белгілі әнші, композитор Жаяу Мұса да осы Орманнан өрбіп, үшінші ұрпағына жатады. Орман табиғатында сері боп, батырлықпен,

байлықпен көзге түспеген, өн-жырға құмартқан деседі. Бұл да “әркім тегіне тартады” дегенге саяды.

Ал Әлекең болса өз әкесі Хақанды айырықша ықыласпен еске алып, үлгі-өнегесі көп болғанын, жақсы тәрбие бергенін баса айтатын. Әңгімесіне қарағанда әкесіне қатты табынатын секілді. “Маған әкемнің әсері мол, ықпалы күшті болды. Әкем ұзын бойлы, ашан, көзі алақандай үлкен еді. Жеңелері ол кісіні “алақан көз” дейтін. Мен шешеме көбірек тартқан екенмін. Көзім, маңдайым, сарғыштау өңім шешеме ұқсайды. Бойым әкеме тартқан. Әкем арабшаға жүйрік, еркін оқып, жаза білетін. Қызықты кітаптарды, қисса-жырларды жинап, құмартып оқитын” дейтін. Жалпы, әкесі өз ортасының көзі ашық, түсінігі кең, танымы мол білікті адамы болғанын, жас кезінде Баянауыл мектебінде Машһүр Жүсіп Көпеевпен бірге оқып, қатарласып, араласып жүргенін айтады. Әке туралы әңгімесі балалық шақтың сағыныш сезіміне ұласқандай болады.

Әкесі оны бес жасынан оқыта бастапты. Жазуды тез үйреніпті. Әкесінің айтуымен күнделікті көрген-білгенін қағазға түсіріп отырған. Мысалы, “Ай қалай туды. Қыс қалай басталды. Ақпанның пәленше күні қатты боран боп, мал ығып кетті” деп жазатын. “Бала күнімде онша көп ойнаған жоқпын. Кітапты көп оқитынмын. Кейде бір түнде екі қисса жаттайтынмын. Жастықтың астына тығып қойып, далаға шығып келіп, қайтадан жаттаймын. Кешке жақын қарт кісілер, жеңелер топқа әкеліп, ортаға отырғызып, жатқа айтқызатын. Сол кездің көрінісі күні бүгінге дейін көз алдымда” дейді іштей тебіреніп. Сәл күрсініп, қабақ шытып қоятын.

Жастайынан өзі де ауылдың кейбір шежіре қарттарының әңгімелерін құмарта тыңдап, құйма құлақ, тым зерек балаға айналды. Соларды еске түсіріп, аттарын атап: “тілдері ерекше еді. Өткен-кеткен оқиғаларды, қандай тамаша адамдар болғанын ғажайып айтатын. Бәрін солардың қасында жүріп естіп алдық. Сонда ғой, қалайша білімге ұмтылмайсың” деп, солардың өнегесі туралы ұзақ әңгімеге кететін еді.

Әлекең ескілік әңгімелерді құлаққа жағымды жұмсақ үнмен жақсы айтатын. Сөзінен ойы озып отыратын секілді. Көп созбай, түйіп айтатыны содан шығар. Тыңдаушыға шешендіктің үлгісіндей әсер қалдырады. Былайғы өміріне азық боларлық алғашқы білімді ауылдан жинап, ой қорытып, дүние танымды ауылдан үйреніпті. Балалық кезін баяндағанда өзі де солай дейді. Өскен ортасын, тәлім алған адамдарды алға тартып, соларға қарыздар екенін естен шығармайтын тәрізді.

Бұл ауыл қыста Баянауыл баурайындағы Жасыбай көлінің жағасында болады. Әлкей үйдегі бар кітапты оқып бітірген. Батырлар жырын, қиссаларды жатқа соғады. Ойынға жоқ, ойшыл бала мұндайда көктем келіп, қар еруін асыға күтеді. Өйткені үлкендер көктемде базаршылап, қалаға барады. Әкесі үйдегі балаға кітап, қағаз, қарындаш сатып әкелетінін бұл жақсы біледі. Жаз шыға әкесі Хақан Баянауылға іргелес жердегі атақты Қоянды жәрменкесіне аттанып, келгенде баласының қолына жалғыз-ақ кітапты ұстатты. Батырлар жырына ұқсамайды. Әлсін-әлсін қайталап оқып, Абайдың өлеңдер кітабы екенін ұқты. Ол бұл кітапты қолынан тастамады. Оқыған сайын өлеңдері жаттала берді, жаттала берді. Үлкен кісілер жаз жайлауда төбе басына жиналып отырғанда Әлкейді әдейілеп шақыртып, Абай өлеңдерін қайта-қайта оқытатынды шығарды. Бұл да жалықпайды, оқуға қызыға түседі. Сүйтіп жүріп кітаптағы өлеңдерді түгел жаттап та алды. Ауыл-аймаққа “Абайдың өлеңдерін жатқа білетін бір бала бар екен. Аты — Әлкей” деген әңгіме тарады. Содан бастап таныған ел оны “оқымысты бала” деп атап кетті. Бұл кезде Әлкей сегізге жаңа толған жас бала еді. Осылайша, ол жасынан білім құды...

Тағдырдың жазуы солай болса керек, үнемі жақсы адамдардың жетегінде боп, жаңа ортада тез жетілді. Сөйтіп, өмірінің бастауында адаспай, дұрыс бағыт алды...

Пәтеріне әдейілеп іздеп барып, оңаша отырыста Әлекеңнің өзі туралы, елі, жері туралы әңгімелеріне кезінде бірталай қаныққаным бар. Сонда оның ой жүйесіне бірде ілесіп, бірде ілесе алмай, қарлығыңқы үніне құлақ түріп, сөздерін қойын дәптеріме тізбелеп түсіретін едім. Тындап отырсың ба, жазып жатырсың ба — Әлекең бұған мән бермейді. Бір бастаса тоқтауы қиын аса әңгімешіл екені де рас. Бала кезінде төбенің басына жиналып, түрлі әңгіме шертетін ауылдың дана қарттарынан дарыған қасиет шығар. Дала кезіп, археологиялық қазбаларды жүргізген жылдарда да шежіреші қарттарды күн-түн демей ұзақ тындап, көбінің сөзін қағазға түсіріп, сақтап қалғанын да білеміз.

Сөз арасында балалық шағын көбірек қызықтап, әкесіне қатысты оқиғаларды айтқанда бір жадырап, көтеріліп қалатын. Әкесінің қадірі өткенін әр жайдан аңартып отырады. Әкесінде “балаларым оқыса екен” деген тілек күшті болыпты.

Тоғыз жасқа толғанда әкесі оны ауылдағы екі сыныптық орыс-қазақ мектебіне береді. “Мектепте мендей жақсы оқыған бала болған жоқ. Бізге сабақ оқытқан мұғалімдер саяси көзқарастары үшін өкімет тарапынан қудаланып, қазақ даласын паналаған білімді семинаристер еді. Әсіресе география,

тарих пәндеріне айрықша мән беріп, жақсы оқытты” дейді де тағы да әкесіне қатысты оқиғаға тоқтайды. Әкесі одан көз жазып қалудан қорқып, ауылдан ұзатпауға тырысады. Бірақ баланың бойындағы білімге деген құштарлық кең өріс іздеді. Ауылдағы оқуды тауысқан соң Әлкейдің көңілі қалаға ауды. 12 жасында “Павлодарға оқуға барамыз” деп, екі бала уәделесіп, атқа мініп ауылдан қашады. Әлкейдің қайда екенін таппай, әке-шешесі қапаланып, ауыл дүрлігеді. Қарттар “жылқыны қарандар, ат түгел ме?” дейді. Екі жүйрік ат жоқ боп шығады. Мән-жайды түсінген соң әкесі ізін қуып, 80 шақырым жерде ұстап алып қайтадан ауылға әкеледі. Бұл соғыс жүріп жатқан дүрбелең кез еді. “Қалаға аштан өлуге барасындар ма?” деп, әкесі тоқтау айтып, жағдайдың қиын екенін ұқтырды. Арада екі жыл өткен соң Мәшһүр Жүсіптің Әмен деген баласына ілесіп Павлодарға оқуға аттанғанда әкесі рұқсат етіп, оң пейілмен шығарып салған болатын. “Заман өзгерді, енді оқуға мүмкіндік туды, барындар” деген. Қазақ ауылында ол кезде “балаларымыз оқыса екен” деген тілек күшті еді. “Ел жақсысы” атанған сол әке 1920 жылы 64 жасында қайтыс болды.

Павлодарда мұғалімдік курсты бітіріп, қайтадан ауылға оралған Әлкей Далба болысында мектепте бала оқытуға кіріседі. Балаларға ақын-жыраулар, тарихи тұлғалар жайында бірталай білім береді. Абайдың өлеңдерін жаттатады.

1920 жылы Семей губерниялық оқу бөлімінің бастығы қызметін атқарып жүрген Әбікей Сәтбаев Баянауылға келген сапарында Әлкейдің бала оқыту тәсілін естіп, мектебіне әдейілеп барады. Келесі жылы ол Қаныш Сәтбаевтың немере ағасы Әбікей Сәтбаевпен Павлодарда тағы да кездеседі. Бүкіл өмірін оқу-ағарту ісіне арнаған, Семей педагогикалық техникумының тұңғыш директоры болған Әбікей аға Әлкей інісіне кеңес беріп: “Тамыз айында Семейге кел, оқуға түсесің” дейді. Ағаның сөзін екі етпей, айтқан уақытында Семейдің педтехникумына емтихан тапсырып, жақсы баға алып, оқуға қабылданды. 1925 жылы осы техникумды тұңғыш бітірушілер қатарында мандайы кере қарыс, бұйра шаш, әдемі жігіт Әлкей Марғұлан да болды.

Жалпы, осы Сәтбаевтар әулеті Әлкей Марғұлан тағдарында терең із қалдырды. Оның айтуынша қыр қазақтары арасында Сәтбаевтардан көп оқыған ауыл болған емес. Әбікей Сәтбаев оны оқуға түсіріп, кең арнаға бағыттады. Бұдан соң Әбікей Сәтбаевтың екінші қызы Раушанға үйленіп, өле-өлгенше қатар өмір сүріп, екеуі де ғылыммен терең айналысты. Ал академик Қаныш Сәтбаев болса, өмір бойы ажырамас досына әрі ақылшы ағасына айналып, небір қиын да күрделі кезеңдерде бір-бірін іздеп тауып, иық тіресіп қатар жүрді.

Өзінен бес жас үлкендігі бар Қанекенді әлдебір сағынышпен, қимастықпен еске алып, былай деген еді: “Мен Қанышты бала күнімнен білетінмін. Өйткені оның туып-өскен ауылы біздің ауылдан онша қашық болмайтын. Екеуі де — Баян тауының төңірегін қоныстайтын көршілес ауылдар. Жазда жайлауға шыққанда бір-біріне жақын келіп отыратын. Бұл елдің жаз жайлауы — Шідерті өзенінің бойы. Қаныштың туған ауылы Шідертінің бас жағын жайлап, орта тұсына біздің ауыл қонатын. Бір-біріне барып, сәлемдесіп, шақырысып, той-думанда серуен-серілікпен әсіресе жастар жағы жиі араласатын. Қысқа қарсы ол ауыл Ақкелін тауы баурайындағы Айырықты қыстайтын. Біздің ел Ақбеттаудың терістік баурайына орнығатын...”

Қазақтың мандайына біткен осы екі академик кейін ұзақ жылдар бойына қызметтес, мақсаттас боп, биік тұғырда бірге көрінді. Қанекенді ол аға тұтты. Қанекен де оның қарымына, қабілетіне сүйсініп: “Әлкейдің басы — толған тарих” деп ерекше бағалады. Әлекеңнің тереңнен толғап, кеңінен қозғайтын әңгімелерін тыңдаған кезде: “Бәрін бір басқа қалайша сыйғызып, қалай есте сақтаған” деп, өзің де еріксіз таңғаласың.

Өзінің танымы кеңейіп, түйсінігінің молаюына ең алдымен әкесі Хақан қатты ықпал еткенін сөз арасында үнемі еске алып, өнеге-тәлімін дәріштеп отыратын. Одан соң толысып, тез жетілуіне, дұрыс бағыт алуына бірден-бір себепкер болған кісі — Семейге оқуға шақырып, кейін жақсы ортаға түсірген Әбікей Сәтбаев екенін айтады. Осы екеуінен кейін тағдырына тікелей араласып, үлкен жолға бастағаны үшін Мұхтар Әуезовке борыштар екенін мойындап, онымен бірге өткізген жылдарын тебіреніспен еске алып, ұзақ әңгімелейтін.

Семей педтехникумында оқыған жылдарында Әлекең, сөз жоқ, ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының алдыңғы қатарлы тобын жақсы танып білді. Әңгімелерін тыңдап, сөздерін ұқты. Сол жылдарда қазақ ақыл-ойының иесі болған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов секілді ірі тұлғаларды үлгі етіп, солардың пікірлерін ойына азық етуі де мүмкін.

Дәл сол жылдары қазақ зиялыларының ең бір тоғысып, жақын қарым-қатынаста, аралас-құраласта болған жері — Семей қаласы болатын. Сондай ықпалды ортадан, түрлі жиындар мен бас қосулардан, кездесулерден студент Әлкейдің шет қалмағаны анық.

Семейге дейін де ол ауылда мұғалім боп жүрген кезінде Баянауыл топырағынан шығып, сол жерді мекен еткен Сұлтанмахмұт Торайғыровпен, Мәшһүр Жүсіп Көпеевпен

тығыз қарым-қатынас жасап, жиі кездесіп тұрыпты. Сұлтанмахмұтпен соңғы рет 1919 жылы кездесіп, екеуі ұзақ әңгімелеседі. Ақын ағаның кеңесін тыңдайды. Ол Машһүр Жүсіппен де сан рет дидарласып, халқының өткен-кеткен тарихын, ауыз әдебиетін, шежіресін көп білетініне куә бол, қатты әсерленеді. Машһүр Жүсіптің түпсіз терең әңгімелерін тыңдаумен қатар, тарихқа, әдебиетке қатысты көп жайдың мәнісін түсініп, көңілге тоқиды. Білгені молая түседі. Атақты әнші, композитор Жаяу Мұсамен жақын туыстығы өз алдына, оны бала кезден көріп, әнін тыңдап өсті. “Өз аузынан Жаяу Мұсаның талай әнін естігенмін. Мен көрген Жаяу Мұса әнді отырып емес, жиналған топты айналып жүріп айтатын” деп, сол кездегі көріністі келістіріп суреттейтін.

Сөйтіп ол Баянауылдан он жеті жасында Семейге оқуға аттанғанда көргені-білгені көп, ой-өрісі толысқан тұлға ретінде қалыптасқан еді. Ол өсіп-өнген ортада небір атақты адамдар шыққанын ескермеске болмайды. Семейге келгенде де өз заманының ең алдыңғы қатарлы зиялылары топтасқан озық ойлы ортамен араласты.

Солардың ішінде Мұхтар Әуезовпен таныстығын ерекше атайды. Ол кісінің Мұхаң туралы әңгімелері сыйластыққа, сағынышқа толы әрі әсерлі боп келеді.

“Ол кездегі оқыған қазақ жігіттерінің ішкі ойына сыртқы киімі де сай болатын. Бөрінің киетіні қысқа былғары куртка, басында былғары кепка, галифе шалбар, жылтыр қара етік. Мұхтарды бірінші рет осы түрінде 1921 жылы Павлодар қаласында көрдім” дейді. Мұхаң Павлодарға Әліби Жанкелдин бастаған комиссияның мүшесі ретінде жергілікті аппаратты жаңадан құру мәселесімен келіпті. Ол жиналған жұрттың алдында төгілте сөз сөйлеп, көптің көңілін өзіне ерекше аударды. Міне, сол алғаш көрген күннен бастап қырық жыл бойына Әлекеңнің Мұхтар Әуезовпен қарым-қатынасы, достығы, өзара сыйластығы бір үзілмепті. Әу бастан Әлекең Мұхаңды өзінен биік қойып, бар өмірінде оны жоғары бағалады.

— Ілгеріде не болуыма үлкен әсер еткен — Мұхтар Әуезовпен жақындасу болды. Техникум директоры Әбікей Сәтбаев Мұхаңмен кеңесіп отырғанда осында оқитын балалардың адамшылық қасиеттерін, білімге ұмтылыстарын жақсылап айтып беретін. Әбікей аға “балалардың ішінде әдебиетті жақсы көретін бір бала бар. Өзі Абайдың өлеңдерін тегіс жатқа біледі. Тағы көп қазақ жырларын жатқа айтады” дейді. Мұны естіген Мұхаң мені өзіне шақырып, Абай өлеңдерін, Қобыланды, Қозы-Көрпеш жырларын тыңдап

көрдi. Содан кейiн Мұхаң менi өзiне жақын тартты. Мұхаң ол кезде техникумда қазақ әдебиетiнен сабақ беретiн едi. Мен төрт жыл бойы Семейде Мұхаңның қасында боп, оның алғашқы жазған әңгiме, повестерiн қолжазба түрiнде оқып, қатты қуанып жүрдiм. Мұхаңмен жуық болған жылдарым менiң еш уақытта ұмытпайтын қызықты кездерiм едi. Семейде оқып жүргенде оны өзiме ақылды ұстаз етiп алдым, – дейдi.

Осы әңгiменi жалғастырып, Әлекең тағы да Мұхаңмен бiрге өткiзген жастық шағын еске алды.

– 1925 жылдың жаз айларында Мұхаң Семейдегi пәтерiнде кешке жақын толғанып отырып, “Ленинградқа оқуға жүрердiң алдында екеуiмiз бiздiң елге барайық, Шыңғыс тауын жақсылап көресiң. Абай ақынның ауылымен танысып, ол жерде әншi адамдар көп, соларды тыңдап, өнерiн қызықтайсың” дедi. Аз уақыттан кейiн екеуiмiз Семейден шығып, Шыңғыс тауын жайлап отырған Мұхаңның үйiне бардық. Мұхаңның ол кездегi қосағы – Мағауияның қызы Кәмила едi. Шiлденiң жартысы мен тамыз айын тегiсiмен осы Шыңғыс тауында өткiздiк. Мұхтар Шыңғыстауда жүргенде бiр ғана серiлiктiң соңында болды. Бiр күнi 30 шақты жiгiттердi жиып, Шыңғыстаудың елсiз жатқан даласына барып сауық өткiздi. Әлгi жiгiттердiң көбi домбырашы, әншi, ойыншы, аңшы, күреске түсетiн палуандар, серiлер. Бұлардың бiрталайы – Абай ұрпақтары – Даниал, Мекаил, Исраил, Жебраил, Әубәкiр... Жеке ән айтуда ерекше кеткен – Жебраил, оған мен қосылдым. Домбыраны ағылта тартқан Исраил болды. Мұхаң Еңлiк пен Кебектiң өлген жерiне апарып, “Еңлiк-Кебектегi” билер шешуiн сахнаға қойып көрсеттi. Еңлiк боп ойнаған – Қатпа. Кебек болып өзi шықты. Бұл күндерi Мұхаңның тағы да қызықтаған iстерi – құс салу, ит жүгiрту, асық ойнау болды. Шыңғыстауды бiраз қызықтап болған соң бiз Семейге қайттық.

Әлекеңнiң Мұхаңа байланысты аса бiр сүйсiнiп, берiлiп айтатын әңгiмесi – Мұхаңның аққасқа тазылар тұқымына құмарлығы және осындай екi алпауыт аққасқа тұқымын Баянауылдан Шыңғыстауға өзiнiң қалай жеткiзiп бергенi едi. Бұл өзi Әлекеңнiң айтуында ұзақ хикаяға, жанды суретке айналады.

Ол кiсiнiң айтуынша, серiлiктi жақсы көретiн Мұхаңның көңiлi сүйген iсi – қасқыр алатын аққасқа тазыларға құмар болуы едi. “Қасқырды жақсы алатын аққасқа тұқымдарын жақсы бiлетiнмiн. Мен өскен ауылдарда оның бiр тобы болды. Келесi жылы қасқыр алатын аққасқаның екеуiн Баян тауынан Мұхаңа жеткiзiп беруге уәде еттiм” дейдi де сол уәденi қалай орындап шыққанын қызықты етiп баяндайды.

1926 жылы Ленинградтан елге каникулға барғанда Әлекеңнің екі алпауыт тазыға көзі түседі. Тамыз айының орта кезінде бұл иттерді арбаға байлап Шідертіден жолшыбай бірнеше ауылға қонып, 300 шақырым жердегі Павлодарға жеткізеді. Мұхаңа тазыларды көркем түрде жеткізу мақсатымен оларды мәпелеп, мойнына әдемі қарғы тағады. Иттер де тынығып, алпауыт түрге айналады. Аққасқа тазыларды Семейге жеткізу де оңайға түспепті. Көп қиындықпен кемеге отырғызып Семейге апарып қырдан келген Мұхаңның туыстарына табыстап, Шыңғыстауға жөнелтеді. Қыс күні екі тазыны қызық еткен Мұхаң оларды қасқырға салу үшін Ленинградтан Шыңғыстауға келеді. Олармен қасқыр аулап жүргенде бір күні елдің малына тыным бермей жүрген көкжал қасқырға кездесіп, оны өз көзімен көріп, аққасқа тазыға алдырады. Кейін оны “Көксерек” деген әңгімеге айналдырады.

Тектілік, қоршаған ортаның әсері дегеннен шығады, Әлекең Мұхаңа байланысты мынадай бір ой түйеді. “Мұхаңның алғашқы ой толғауына көбірек ойысуы, оның бір ғана өз басының ерекшелігі деуге келмейді. Мұхаң оны өзінің туып-өскен жерінен, Абай мұрасынан дәстүр етіп шыққан. Мен алғаш Шыңғыстауға барғанда ол жердің адамдарының жай-күйі маған өзге төңіректен бүтіндей басқа болып көрінді. Олардың үлкені де, кішісі де ойға батқан тұңғық, аса кішіпейіл, лепіріп лағуды білмейді. Адамдары кездескенде тыңдайтыны — данышпан қариялар, шалқыған ақындар. Олар ойларын тебіренге, салмақпен құйылып, толғайтын, толғаулармен, түйінді термелермен адамды өзіне еріксіз тартады” дейді.

Дәл осы сөздерді Әлекеңнің өзіне, туған өлкесі Баянауылға қатыстырып та айтуға болар еді. Белгілері тым ұқсас. Өскен ортасы тым атақты. Тектілер тұқымынан тарайды.

Семей педтехникумын бітіргеннен кейін ауылды айналшақтамай, оқу іздеп елден тым алыс кетуіне бірден-бір себепші болған — Мұхтар Әуезов еді.

Мұхаңның өзі 1923 жылы маусым айында Ленинград мемлекеттік университетінің қоғамдық ғылымдар факультетінің тіл-әдебиет бөліміне оқуға түседі. Бір жылдан кейін Семей педтехникумында оқытушы боп әдебиеттен сабақ береді. 1925 жылы Ленинградқа қайта барып университеттегі оқуын жалғастырады.

Міне осы жолы Әлкей Марғұлан Мұхаңмен бірге Ленинградқа аттанып, Шығыс институтының филология факультетіне оқуға түсті. Осы институтта оқып жүріп, Ленинград университетінің қоғамдық ғылымдар факультетінің шығыс бөлімінде төрт жыл бойына тыңдаушы боп тіркеліп,

үнемі лекцияларға қатысады. Ауық-ауық Мұхаң оқитын әдебиет факультетінің де қызықты лекцияларын тыңдап, екеуі бір партада қатар отыратын кездер де болған. Мұхаң екеуі Васильев аралындағы жетінші линияның бойында пәтерде де бірге тұрды.

Ленинградта оқыған жылдарында Әлекең қандай ортада боп, кімдерден дәріс алды десек, мұндай сәттілікке тағы да қызыға қарайсың. Шығыс институты мен университетте әлемге танымал небір атақты академиктер бір мезгілде кезектесіп лекция оқитын. Әлекең сонда В.В.Бартольдтан Орта Азияның тарихы мен археологиясы, С.Ф.Ольденбургтен үнді фольклоры мен өнері, Ю.И.Крачковскийден араб филологиясы, Е.Э.Бертельстен парсы поэзиясы, С.Е.Маловтан көне түркі тілдері, А.Н.Самойловичтен Орта Азия халықтарының әдебиеті, Н.Я.Марр мен И.И.Мещаниновтан, В.Л.Щербадан тілтану туралы лекцияларын тыңдады. В.В.Струве, Б.Я.Владимирцев, Б.М.Эйхенбаум, С.И.Руденко, А.Ю.Якубовский секілді белгілі шығыстанушылардың лекцияларына қатысып, еңбектерін оқумен қатар сол тұлғалардың өздерімен де жақын танысып, пікірлесіп, білісіп жүргенге ұқсайды. Солардың кейбірі басқарған ғылыми экспедицияларға да белсене қатысады. Профессор С.И.Руденко басқарған экспедиция құрамында Алтай өңіріне сапар шегеді. Осы сапардан кейін Ленинградта басылып шыққан “Қазақтар” деген ғылыми жинақта Әлекеңнің “Наймандар” атты көлемді мақаласы жарық көрді.

“Осы ғұламалардың арқасында біздер – студенттер ІІ курстың өзінде-ақ өзімізді ғалым ретінде сезіндік” дейді.

Ленинградтағы студент кезінде ол жан-жақты білім алумен қатар қазақ халқының тарихы мен мәдениетін зерттеуге ден қойды. Мұнда ол жас күнінен жақсы көретін ауыз әдебиетінің мөлдір тұнығына барынша құмартты. Халық өнерінің асыл мұралары, ән-күй байлығы қатты қызықтырды. “Мұхаңмен жүрген кезде бір ғана әдебиетті зерттейтін едім. Шығыс институтында диплом жұмысын Абай туралы жаздым” деп мойындағанмен, үш жыл бойына жазғы каникулда экспедициямен қазақ даласының көп жерін аралап көру, әсерлену нәтижесінде зерттеу тақырыбы кеңейе түседі. Әлекең осындай әр сапардан олжалы оралып, әлденеше дәптерді толтырып қайтатын. Сөзге шешен, жырды төгілтіп айтатын көне көз қарттармен көп әңгімелесті. Солардың аузынан небір жырларды жазып алып, аты-жөні ұмыт боп кеткен талай ақын-жыраулардың есімін қайта тірілтті. Мұхаңның әсері болар, о баста Әлекең әдебиетке айырықша құмартқаны

белгілі. Ленинградта оқыған жылдарында Г.Ибсеннің, Г.Гамсунның, М.Метерлинктің кейбір пьесаларын қазақшаға аударды. В.Гюгоның “Гаврошын”, Мамин – Сибиряктің бірнеше әңгімелерін аударып, жеке кітап етіп шығарды, “Еңбекші қазақ” газетіне мақалалар жазды.

Шығыс институтына оқуға түскеннен бастап Әлекеңнің он жылдан астам өмірі Ленинградта өтеді. Әуел бастағы түлеп ұшып, тәрбие алған ортасы да осал емес еді. Шыққан тегі де асыл екені белгілі. Дегенмен Ленинградтағы жаңа орта Әлекеңнің тез жетілуіне жол ашты. Европалық мәнердегі тәрбиені, ақсүйектік қасиеттерді бойына дарыта түсті. Осында жүріп, ең бастысы, мол білім жинады. Осы орайда тағы да Мұханның үлгісін, ықпалын айтпасқа болмайды. Ленинградта өткізген студенттік шағының алғашқы екі жылында ол Мұхтар Әуезовпен бірге жүріп-тұрып, жұптары жазылмады. Сонда Мұханның ақыл-ойының жетегінде боп, жәрдем-көмегін көп көрді. Қай мәселеде болсын екеуінің ой-пікірлері бір жерден шығып, ұғынысып отыратын. Осының бәрі үшін Мұхана қарыздар екенін әр жерде, әркімге қайталап айтып, сыршылдықпен еске түсіретін еді. “Мұхана ауылға барса қарапайым қазақ болып, үлкен қалаға келгенде жұрт “бұл кім?” деп таңырқай қарайтын ой иесі, кеменгер, үстіне кіршік жуымайтын серіге ұқсайтын” деп сипаттайтын.

Мұхтар Әуезов 1928 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің аспирантурасына қабылданды. Ал Әлкей Марғұлан болса 1938 жылға дейін Ленинградтағы өмірін жалғастыра берді. 1929 жылы институтты үздік бітіріп, аз уақытқа Қазақстанға оралды. Алматыдағы оқу министрлігі жанындағы “Жаңа әліпби” комитетінде қызмет атқарды.

Міне, осы жылдан бастап Әлекең кейінгі он жыл бойына жеке өмірінде қиындықтарға кезігіп саяси қуғын-сүргіннен, өсек-жаладан құтылудың жолдарын іздеп, тағы да Ленинградты паналайды. Жалпы, Әлекең аузына берік, ашыла қоймайтын, дүниеге сақтықпен қарайтын жұмбақ адам секілді. Оның себебін сол кездегі идеологиялық қыспақтан, қоғамдық саяси құрылыстың бұралаң жолдарынан іздеу керек шығар.

Дәл сол 1929–30 жылдары қазақ зиялыларын жазалау саясаты күшейіп, алаш қозғалысының көсемдері түрмеге қамалды. Оларға небір айыптар тағылып, саяси талқыға түсті. 1930 жылы М.Әуезов те тұтқындалды. Міне, осындай қым-қуығ, қуғын-сүргін жағдайда алаш ардақтыларының алдын көріп, біразымен жақын қарым-қатынаста болған Әлекеңнің қандай күй кешкені белгілі.

Саясат диірмені өзін тегін қоймасын біліп 1930 жылы аспирантураны сылтау етіп Ленинградқа қайтадан аттанды.

Расында, 1931 жылы материалдық мәдениет тарихының мемлекеттік академиясының аспирантурасына түседі. Аспирантурада жүріп өзі оқыған Шығыс институтында түркі тілдері жөнінде студенттерге сабақ берді. Аспирантурада академик С.Ф.Ольденбургтың және белгілі тарихшы, Ғылым академиясының корреспондент мүшесі А.Ю.Якубовскийдің басшылығымен Шығыс елдеріне байланысты тарихи деректерді зерттеуге кіріседі. Осы жылдарда ол тағы да әлемге әйгілі ғалымдар ортасына тап боп, солардың ой әлеміне бойлайды, дәріс алып, ғылымдағы өзінің алар орнын айқындай түседі. Археологияда айтарлықтай із қалдырған атақты ғалымдар А.Н.Бернштам, С.П.Толстовпен, антрополог М.М.Герасимовпен аспирантурада бірге оқыды.

Аспирантураны бітірген соң 1936–1938 жылдары материалдық мәдениеттер тарихы институтында ғылыми қызметкер болды.

1938 жылы Қазақстан Халық комиссарлары кеңесінің арнайы шақыруымен Одақтық Ғылым академиясының Қазақстандағы филиалына жұмыс істеуге келеді. Міне, осы жылдан бастап өмірінің соңына дейін республика Ғылым академиясында қызмет атқарды. Бастапқы төрт жылда тарих секторын, одан соң археология секторын, ал 1957 жылдан тарих, археология және этнография институтының этнография бөлімін басқарды. Кейін осы институтқа Әлкей Марғұлан есімі берілді.

Әлекеңнің ақыл-ойының тереңдігі, замана құбылыстарын болжай білетін көрегендігі, асқан төзімі өзінің жеке өміріне қатысты әрекеттерінен де байқалады.

Бір байқағаным, Әлекең туралы жазылған мақалаларда, өңгіме-естеліктерде оның ғылымдағы жолы, сіңірген еңбегі, тындырған істері жөнінде көп айтылады, тіпті бірін-бірі қайталап жатады. Ал оның қандай адам екені, бастан кешкендері, пендешілік қылықтары туралы тым аз білеміз.

Қазақ зиялыларының басына қауіп төндіріп, қасірет өкелген 30-жылдар ызғары Әлекеңді үндемеуге үйретсе керек. Көп сырды ішке бүгіп, тым жария етпеуі де содан болар.

Академик Шапық Шокин “1944 жылы Ғылым академиясының қазақ филиалына жұмысқа ауысқаннан бастап ол қашан көз жұмғанға дейін сырлас дос болдым” дейді. Екеуі де бір Баянауылдан, Жасыбай мен Торайғыр көлдері арасындағы сұлу алқапта өсіп-өнген. Аталас, ағайындас боп келеді. Бала жастан бір-бірін біліп, 20–30 жылдары оқу іздеп, қызмет істеп жүрген кездерінде кездесіп, жәрдемдесіп жүрген. Өзінен сегіз жас үлкендігі бар Әлекеңді өмір бойы аға тұтқан Шокин көп адам біле бермейтін бірталай сырға да қанық екенін өз естелігінде ашық жазады.

Семей педтехникумында оқыған жылдары Әлекең көзқарас, ұлттық мүдде жағынан алаштың көсемдеріне табынғаны анық. Жүсіпбек Аймауытовпен Баянауылда жүріп-ақ танысқан, екеуі бір елден. Жүсіпбектің “Қазағым, қақтықпа, қамалма, Ел болар қамынды амалда”, деп басталатын, Алаш ұранына айналған өлеңдерін жанына жақын қабылдады.

Шокиннің айтуынша, ол Мағжан Жұмабаевтың пікірлес әрі айырылмас досы болған. Мағжанмен Семейде, Ташкентте, Мәскеуде әр кезде кездесіп жүруі де әбден мүмкін. Тағы да сол академик Шокиннің айтуы бойынша тағы да білетініміз, Мағжанмен жөне басқа да белгілі қазақ зиялыларымен байланысы үшін Әлекең ұзақ жылдар бойына қара тізімге алынып, саяси сенімсіз адамдар қатарына қосылады, қуғын-сүргінге ұшырайды. Соның бір көрінісі, Ленинградта аспирантурада оқып жүрген кезде қамауға алынып, бірнеше ай түрмеде отырды. Тергеушілер оны ауыр азапқа салды. Табаны мен алақанынан шапаттап ұрып, содан соң пәлен сағат бойы зорлап тұрғызып қояды. Бір күні осындай азап пен қорлықтан әбден титықтаған Әлекең өзін-өзі өлтірмек болады. Тамағын пышақпен орып жібереді. Абырой болғанда, абақтылас серіктері осы жағдайды көріп қалып, ойға алғанын ақырына дейін орындатпайды. Түрме дәрігері оны әрең дегенде ажалдан аман алып қалады. Әлекеңді жанынан көрген кісі оның тамағының сол жағында сол оқиғадан қалған тыртық барын байқайтын еді. Тергеушілер одан астыртын құрылған қазақ ұлтшылдық ұйымы бар екенін, ұйым басшыларының бірі Мағжан Жұмабаев болғанын, өзі де соған мүше екенін қайтсе де мойындатуға тырысады. Ақырында кеңес өкіметіне қарсы жүргізген қимыл-әрекеттерін мойындататын айыпты таға алмай Әлекеңді түрмеден босатады. Академик Шокин осы оқиғаны баяндай келіп мына бір жайды аңғартады. “Осының бәрін ол маған 1972 жылы екеуіміз Сарыағаш курортында бірге болғанымызда, бір жаны жадырап ашылған кезде сыр етіп айтқаны бар еді. Ол өз өмірінің осы бір ауыр оқиғасының елге жайылып кетуін қаламаған. Осы оқиғаны есіне алып айтуды мүлде ұнатпайтын” дейді.

1935 жылы оны түрмеден босатқаннан кейін қауіпсіздік органдары оны сыртынан бақылауды, ізіне түсіп аңдуды күшейте түседі. Оны өзі де біледі, үнемі сақтанып жүреді. Сөйте тұра ол ғылымда ғана емес, жеке басына қатысты мәселелерде де батыл қадамдар жасайды. Түрмеден шыққан соң өте бір қауіпті іске — тәуекелге бел байлайды. Бұл кезде Петропавл қаласында тұрып жатқан Мағжанмен кездескісі

келіп, әдейілеп іздеп барады. Мағжанның үйіне тоқтап, онымен емін-еркін отырып, соңғы рет армансыз сөйлесіп әр жайдан пікір алысады.

Әлекеңнің бұдан бұрын да бір қауіпті іске барып, Мұханның алдында достық парызын өтегені бар. Отызыншы жылдың күзінде ол аз уақыт Ташкентте Орта Азия мемлекеттік университетінде жұмыс істеді. Осы күзде Мұхтар Әуезов ұлтшылдық айыппен түрмеге қамалған уақытта оның 12 жасар қызы Мұғамила Ташкентте тентіреп, панасыз қалды. Осындай қиын жағдайда Әлекең Мұғамилаға қамқорлық жасап, өзінің Алматыда тұратын баянауылдық ауқатты танысының қарауына жөнелтіп, бағып-қағуын өтінеді. Мұхтан түрмеден шыққанша Мұғамила сол кісінің бақылауында боп, лайықты күтімін көреді.

Кейін социалистік қоғам туралы ауыз ашпауы, осы тақырыпқа қалам тартпауы отаршылдық зардабын терең түсінуден туған іштей қарсылығы ма екен?! Партия қатарына өтуге де талпынбады. Лауазымды биік қызметтерге де ұмтылмады.

Сол кездегі Қазақстан тарихына, әдебиетке қатысты үкімет қаулылары Әлекеңді сақтандырып қана қоймай үрейлендіріп, “осының ақыры неге апарып соғар екен” деген іштейгі қауіпті де туғызған шығар. Ұзақ жылдар бойына қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін, тарихын, мәдени мұраларын, жауынгерлік дәстүрлерін зерттеп, кандидаттық, докторлық диссертацияларын филологиядан қорғаған Әлкей Марғұланның бірден археологияға ауысуы неліктен? XVIII—XIX ғасырларғы тарихи қозғалыстарды жетік біліп, Абылай хан, Кенесары хан сияқты тұлғаларды мадақтауға бейім тұратын, өзі де азаттық жолында жаумен айқасқан Олжабай батыр тұқымынан тарайтын Әлекеңнің басына қандай қауіп төнерін күн ілгері түсінгендердің бірі — академик Қаныш Сәтбаев еді. Сол Қанекеңнің көрегендігімен және тікелей кеңесімен Әлкей Марғұлтан бұрынғы ғылыми бағытынан бас тартпаса да саясаттан алыстау салаға — археологияға бет бұрды. Бұл — Қазақстан ғылымы үшін де, өзі үшін де пайдалы әрі өнімді іс болды.

Әлекеңнің өзге жұрттан бір артықшылығы — көп білетіндігі. Қай жерде не жатқанын, қай архивтен нені іздеп табуға болатынын Әлекеңдей жан-жақты білген адам сирек шығар. Небір жазбаларды, деректерді, нұсқаларды тауып қана қоймай, зерттеп, анықтап, қолжазба бетінде талдап, тұжырым жасап, кейін столдың тартпасында сақтады. Ол “түбі жерде қалмас, ұрпақ кәдесіне жарар, жоқтаушылары табылар” деген ниетпен ежелгі аңыз жырларды ел аузынан жазып алып қағазға түсіре беріпті. Мол қолжазба жинақталғанмен жарыққа

шығарып, жария етуге асықпады. Сол кездегі саясатқа, идеологиялық талапқа сай келетін, бірақ шындықтан алшақ, жалған тұжырым жасауға бармады. Көп мәселеде үнсіз қалып, көзқарасын, ішкі сенімін өзгертпеуге тырысты. Діні берік еді.

“Марғұлан айтты” деген сөз ғылыми ортада, ел арасында дау туғызбайтын, беделді пікірге саналды. Өйткені дәлелі мықты, дерегі бұлтартпайды. Ол нені зерттесе де қазаққа жанастырып, Қазақстанға байланыстырып қарастырды. Сол құндылықтар қазақ жеріне, қазақ ұлтына қаншалықты қатысты екенін дәлелдеп, ғылыми тұжырымдар жасады. Жұрт бұрындары біле қоймаған қолжазбаларды, құжаттарды архивтерден тауып, қолданысқа түсіріп, қолға ұстатты. Арғы-бергі байланыстарды ашып көрсету үшін саралап, сұрыптап, зерттеу нысанасына айналдыру, бір ізге түсіріп, бір жүйеге келтіру оның ұзақ жылдарға созылған күнделікті жұмыс тәртібіне айналды Ертедегі тарихи, заттық мәдени мұраларға, ауыз әдебиетіне, археология, этнографияға қатысты жинаған материалдары ұшан-теңіз. Қайда жүрсе де, немен айналысса да уақытын босқа өткізбеген. Ұзақ жылдар бойына жақын жүріп, өмірде өзара сыйласып, сырласып өткен академик Шокин Әлекең туралы: “Біреудің ықпалына түсіп құбылып отыру оның болмысына жат мінез еді. Принципті мәселелерде наным-сенімінен айнымайтын. Әрбір қимыл-әрекетін терең ойланып, ақылмен жасайтын табанды кісі болатын” деген еді.

Әлекең ғылымда әлі таныла қоймаған тың тақырыптарға айрықша көңіл бөліп, зерттеумен көзге түсті. Ол 1941 жылы “Қыпшақтар жазуларының тарихи мәні” деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Ол кезде қыпшақ жазуларын ешкім де зерттей қоймаған еді. Әлекең қыпшақтардың жазуларына, олардың орыс патшаларына, Италия саудагерлеріне жазған хаттарына үңіліп, тарихи жағдайларға байланысты әлеуметтік мәнін түсіндірді.

Біздің тарихымызға өте қажет бұл мәселенің ғылым дүниесінде әлі күнге дейін толық зерттелмей келе жатқандығына Әлекең өкініш білдіретін. “Қыпшақтар жазуын жете білу үшін Италия, Франция архивтерін араламай болмайды. Лондондағы Британия музейінде, Берлин, Стамбул, Каир қалаларындағы кітапханаларда қыпшақтардың хаттары болуға тиіс. Соларды бір қолға жинақтап, қыпшақ даласының тарихын жазсақ қой! Қазақтың тегі қайдан шыққанын білгіміз келсе, қыпшақ тарихымен танысуымыз керек. Қазақтың өткендегі өмірін түсіну үшін алдымен қыпшақтарды жақсы білуге тиістіміз. Әйтпесе, көп мәселе күңгірт күйінде қала береді. Қыпшақтар ертеде Ертістен Еділге дейінгі аралықта

көшіп-қонып жүрген. Солардың тіршілік-тұрмысы, өнері, кәсібі, көшіп-қону тәсілі, рухани өмірі, тілі, тіпті, ою-өрнегіне дейін қазақтарға көшкен мұралар. Демек, біздің халқымыз – қыпшақтардың мирасқорлары. Ендігі міндет – басқа тілдерден қыпшақтар жөніндегі құнды деректерді аударып, теориялық мәселелерімен айналысу қажет. Бұл мәселемен айналысатын ғалымның бірнеше тілді, әсіресе, араб, парсы тілдерін білуі керек болар”... дегенді айтатын.

Әлкей Марғұлан ежелгі мәдениетімізбен қатар әдебиетті де зерттеп, байсалды ғылыми тұжырымдар жасады. Оның 1945 жылы қорғаған докторлық диссертациясы “Қазақ халқының эпикалық шежіресі” деген тақырыпқа арналды. Көлемі қырық баспа табақ диссертацияда түгелдей дерлік әдебиет мәселесі сөз боп, қазақ эпосы, аңыз-ертегісі туралы ойлары жинақталды.

Жиырма жыл бойына академик Әлкей Марғұлан Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясын басқарды. Орталық Қазақстан ежелгі дәуірден-ақ кен шығару орталығы болған. Бұл жерлерде кен шығаруға байланысты тарихи белгілер өте көп. Олардың ішінде ескі заманда тастан қаланып жасалған үйлердің орны, кен қазылған жерлер, сәулет өнерінің іздері жиі кездеседі. Қымбат мұраларды зерттеп, ғылымның игілігі ету – аса бір қадірлі іс. Осыларды Әлекең ондаған жылдар қатарынан сарыла зерттеп, ескі заманның асыл мұраларын жарыққа шығарды. Жыл сайын экспедициямен бірге қазақ даласын шарлап, археологиялық қазба жұмыстарына қатысты.

Көп жылғы зерттеулер нәтижесінде бірсыпыра ғылыми мақалалар жазылып, ғылым академиясының журналдарында кезінде жарияланып тұрды. Өзі жазғаны бар, басқа авторлармен бірлесіп жазғаны бар – бірнеше қалың кітаптар жарық көрді. Археологиялық зерттеулерінің қорытындылары “Қазақстанның ежелгі қалалары”, “Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті”, “Қазақстанның сәулет өнері” деген кітаптарда жан-жақты баяндалды. Әлекеңнің басқаруымен “Қазақ ауылының мәдениеті мен тұрмысы” деген көлемді кітап шығарылды.

Ол Атасу бойын, Бетпақдаланың солтүстігін аралап, көшпелі елдің ізі Бетпақдаланың қай жеріне дейін келетінін зерттеді. Әлекеңнің негізгі жұмысы – қола заманның соңғы кезі және темірдің қазақ жерінде шығу тарихы болды. Бұларда жай қарағанда ешбір сыртқы белгі жоқ, бәрі де жер астында көміліп, көзден жасырынып жатыр. Әрине, оларды тауып, жарыққа шығару үшін көптеген ғылыми тәсіл керек. Әлекеңнің көп жылдан соңына түскен ғылыми-зерттеулері бірталай күрделі саланы қамтыды. Қазақ халқының ежелгі мәдениеті, әдебиеті, өнері, оның рухани тіршілігіне қатысты

неше алуан ой шығармалары, сәулет өнері, халық шеберлері жасаған дүниелер... Әлекеңнің археологиялық зерттеулері көбінесе осы мәселелерді шешуге бағытталған.

Өзінің “Орталық Қазақстандағы Беғазы-Дәндібай мәдениеті” деген көлемді кітабында Сарыарқа жеріндегі қола дәуіріндегі археологиялық, мәдени мұраларға терең талдау жасады. Аса бай материалдар негізінде біздің дәуірімізден бұрын қазақ жерінде тау-кен, металлургия өндірісі болғанын және сол арқылы дүниежүзілік өркениетке үлкен үлес қосқанын дәлелдеді. Сол замандарда Сарыарқа Евразия кеңістігінде металлургия орталығына айналды деген тұжырым жасады. “Ол кездегі тайпалар мыс, қалайы, алтын, күміс қорытуды жақсы біліп, одан неше түрлі қару-жарақ, әдемі бұйым, әшекей дүниесін жасай білген. Бұл қола дәуіріндегі қалыптасқан өрнек нақыштары бергі кезге дейін ұмытылмайды. Оның өуендері ежелгі тайпалар арқылы бірден-бірге ауысып, ең соңында қазақ халқының өнеріне негіз боп шығады” деген қорытындыға келді.

Өзінің ғылыми зерттеулеріне қоса Әлекеңнің елдің есінде қаларлық тындырған ерекше ісі – Шоқан Уәлихановтың бес томдық толық жинағын шығару болды.

1957 жылы Ғылым академиясының президиумы қаулы алып, Шоқанның бес томдығын әзірлеп шығаруды Әлкей Марғұланға жүктеді. Содан бастап өзінің негізгі жұмыстарын кейінге қалдырып бұл іске он жыл уақытын жұмсады. Әлекең Шоқанның мұрасын іздеп тауып, сараптап, том-томға бөлуде қаншама уақыт, қаншама жыл жұмсады десеңізші! Ұзақ айлар бойы Мәскеу, Петербург, Омбы, Томск архивтерінде, кітапханаларда отырып, шаң басқан, ескерусіз жатқан, ешкімнің назарында жоқ материалдарды табу керек болды. “Осында бірдеңе болар-ау” деген құжаттарды ерінбей-жалықпай тексеріп, ондаған архивтерді сүзіп шықты. Табылғандарын басын құрап, бір жүйеге келтіріп, топтай берді. Осылайша үздіксіз іздеуден кейін Шоқанның қолжазбалары, хаттары, соған қатысты құжаттар, фотосуреттер, Шоқан туралы пікірлер, естеліктер, тағы басқалары тегіс дерлік табылды. Енді, міне, соның бәрі көпшілік еншісіне айналды.

Әлкей Марғұланның артында көзі тірісінде жарыққа шықпаған мол мұра қалғаны белгілі. Әлекеңнің қызы Дәнендің айтуына қарағанда, егер жинақтап, жүйелеп жарыққа шығаратын болса ол кісінің еңбектері, зерттеулері он төрт томды құрайды екен. Әрине, бұл аз дүние емес. Әлекең мұрасы – бізді” ұлттық қазынамызды, рухани байлығымызды толықтыра түсетін бағалы құндылықтар екені даусыз.

2003 жыл.